

Бекітемін
№29 «Ай-Керім» бөбекжай
бақпасының меңгерушісі:
Мүрсі К.К. Сейдалиева



Ұйымдастырылған ашық іс әрекеті

«Көңілді ойындар»



02.02.2023ж.

«Балдырған» ортаңғы топ

Тәрбиеші: А.А. Дүкенбаева

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет.

Тобы: «Балдырған» ортаңғы топ

Білім бағыты: -Физикалық дамыту;

-Коммуникативтік дағдыларын дамыту;

-Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;

-Шығармашылық дағдыларын, зертеу іс-әрекетін дамыту;

-Әлеуметтік – эмоционалды дағдыларын қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Өтілетін күні: 02.02.2023ж

Тақырыбы: «Көңілді ойындар»

Мақсаты: Сандарды санау, салыстыру, геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін, қиялын, есте сақтап түсіну, сұрақтарға толық жауап беру дағдысын қалыптастыру. Балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.

Міндеті: Тапсырманы ынтамен дұрыс орындауға, өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу. Балаларды ұжымшылдық пен өз мақсатына жете білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: геометриялық пішіндер, көкөністер мен жемістер түрлі түсті фетр, какос өнімі.

Әдіс – тәсілдер:

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы қозғаушы	Тілек шеңбері: Сәлем саған алтын күн Сәлем саған көк аспан Сәлем саған жер ана Сәлеметсіздерме қонақтар	Балалар шеңбер болып тұрып өлеңді мазмұнына сәйкес іс-әрекетімен үш тілде айтады
Ұйымдастырушы ізденушілік	Тәрбиеші: Жарайсындар балалар, менің қолымнан не көріп тұрсындар? Тәрбиеші: Қане, балалар жүрегімізден шығарып жылы сөздер айтайықшы. Аспанымыз ашық болсын Күніміз жарқын болсын Еліміз тыныш болсын Ауырмайық, денсаулық болсын Нанымыз көп болсын Ата-анамыз аман болсын Бейбітшілік болсын Балабақша гүлдене берсін! Апайлараман болсын Тәрбиеші: Балалар сендер бір-біріннің қолдарыңнан ұстап тұрғанда нені сезесіңдер? Тәрбиеші: Жаксы балалар бүгінгі күнімізді мейіріммен, қуанышпен бастайық. Тәрбиеші: Балалар қазір жылдың қандай мезгілі? Тәрбиеші: Қыстың қандай айы Тәрбиеші: Балалар қыс мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? Тәрбиеші: Жарайсындар балалар, олай болса кім қыс туралы таппақ біледі?	Балалар: Жүрек Жүректерін шығарып жылы сөздер айтып, апайларға сыйлайды Балалар: Жылулықты, мейірімділікті, достықты Балалар: Қантар айы Балалар: Қыс мезгілінде күн суытып

Қуаныштың бүгінгі
Басылмайды ыстығы.
Жылдамырақ жүруді
Үйретеді қысқүні!

Жапалақтап ала қар
Жауды күнде қайталап,
Қырға шықты балалар,
Шаңғыларын арқалап.
Тәрбиеші: Балалар енді «Эмоцийларды
құрастырайық»



Ойыныойнап жіберейік
Балалар, есік қағылған сияқты бұл кім екен?
Фейя: Сәлеметсіңдер ме балалар
Балалар: Сәлеметсің бе Перизат
Фейя: Балалар бұл жер «Ғажайып білім әлемі ме?»
Тәрбиеші: Жоқ, Перизат, бұл жер балабақша
Фейя: Балалар, мен сиқырлы таяқшамды жоғалтып
алдым, кім алып кеткенін білмеймін. Маған
көмектесіңдерші. Таяқшамді іздеп келе жатып,
жолда ақ тиінді көріп едім, Таяқшамды «Ғажайып
білім әлеміне» барсаң табасың деді. Мен «Ғажайып
білім әлеміне» қалай барсам екен баратын жолды
таба алмай адасып, осы жерге тап болдым. Маған
баратын жолды көрсетіп жібересіңдер ме?
Тәрбиеші: Еш уайымдама,
Қане, балалар, Перизатқа көмектесеміз бе?
Тәрбиеші: Олай болса балалар, Перизатты ертіп,
жол көрсетіп, «Ғажайып білім әлеміне» бізде
саяхатқа шығып қайтайық. Саяхатқа шығамыз ба?
Балалар қане енді паровозға мініп, жолға шығайық.
Саяхатқа шығамыз
Біз көңілді баламыз
Ду-ду-ду-ду-ду
Біз көңілді баламыз.
Жүремін деп шулайды
Ал вагондар зулайды
Так- так-так –так –так
Ал вагондар зулайды
Тәрбиеші: балалар міне біз 1-ші аялдамаға да келіп
қалыппыз
Бірінші аялдама: «Математика» аялдамасы деп
аталады. Бұл аялдамада бізді Д/О күтіп тұр
«1-5ке, дейін тура және кері санау»
«Көп-аз»
«Геометриялық фигуралардың пішіндерін
ажыратып, түстерін ата»

салқындайды, кейде
жаңбыр жауады, жел
соғады, жер балшық
болады, құстар жылы
жаққа ұшып кетеді,
адамдар жылы киінеді

-Балалар ойынды қызыға
ойнайды

Балалар таңырқай
қарайды да сәлемдеседі

Мүқият тыңдайды

Балалар келіседі

Балалар тур –кері санап
шығады, Аз –көп екенін
айтады

Екінші аялдама «Жұмбақтар» аялдамасы екен
 Сула мұз бар,
 Жерде қар бар.
 Боранборапсоғады, Бұлқаймезгілболады?

Шанамен зырлап желетін,
 Шаңғы, коньки тебетін.
 Аққала жасап ойнайтын,
 Қай мезгіл деп ойлайсын?
 (қыс)

3-ші аялдама. Бау- бакша аялдамасы көкөністер мен
 жемістерді араластырып қойыпты. Балалар
 осыларды өз қалташаларға салу керек



Біздерге мақалдарды толықтыр депті. Қане кім
 айтады?

Ақкуды атпа, досынды сатпа
 Жүз тенгең болғанша, жүз досың болсын
 Ағаш тамырымен , адам бауырымен мықты
 Білімі жоқ адам, тұзы жоқ тағам
 Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ
 Жаксыдан үйрен, жаманнан жирен
 Ақыл азбайды, білім тозбайды

5-ші аялдама Шығармашылық алаң.
 Балалар, біз сендермен жай құстың бейнесін емес,
 рухани жанғырудың бейнесін көрсететін құсты
 жапсырамыз

1 топ : Жапсыру Балалар алдарында құсты біз
 әсемдейміз. Ол үшін біз түрлі –түсті фетрлерді алып
 құстың бейнесін әсемдейміз.

2 топ: Балалар алдарында тұрған құсты біз түрлі –
 түсті какос өнімімен әсемдейміз.

3 топ: Асықтармен күн бейнесін құрастырамыз.

Дидактикалық ойын: «Кім жылдам, дұрыс
 құрастырады?»

Өртүрлі сүйікті мультимедия кейіпкерлері бар соларды
 құрастыру қажет.

Перизат : Алақай, алақай менің таяқшамдитабылды.

Балалар жұмбақтың
 жауабын табады « Қыс»

Балалар жемістермен
 көкөністерді өз
 ұяшықтарына салады

Балалар Мақа –мәтелді
 атап шығады

1 топ Балалар құстың
 бейнесін фетр мен
 әсемдейді

2 топ Балалар құсты
 какос өнімімен сәндейді

3 топ асықтармен күн

	(Қақпаның аузында, Перизаттың таяқшасы тұрады.) Қақпаның үстінгі жағында «Ғажайып білім әлемі» деген жазуы бар. Тәрбиеші: Балалар қараңдаршы біз алтын қақпаға да келіп қалыппыз. «Ғажайып білім әлемі» деген осы жер балалар. «Ғажайып білім әлемі» бізге ең бастысы білім сыйлады. Біз бәріміз бірігіп, қызықты тапсырмалар орындадық, Перизаттың таяқшасын табуға көмектестік. Перизат: Балалар сендерге көп-көп рахмет. Сендер маған «Ғажайып білім әлеміне» баратын жолды көрсетіп, таяқшамды табуға көмектестіңдер, көптеген тапсырмалар орындадыңдар. Өмірде тек білімді емес, қайырымды балалар екендеріңді көрсеттіңдер. Мен осындай балабақшасының тапқыр, ақылды, білімді балаларының барына қуанып тұрмын. Тәрбиеші: Міне балалар Перизатқа көп көмек көрсеттіңдер. Таяқшаны табуға көмектестіңдер. Өздеріңнің ұшқыр ойларыңды, тапқырлықтарыңды, қиындықтан қорықпайтындарыңды көрсеттіңдер. Осымен «Ғажайып білім әлеміне» саяхатымыз аяқталды, енді өзіміздің тобымызға оралайық.	құрастырамыз Балалар кейіпкерлерді құрастырады Фейяның таяқшасын табылғанына қуанады Тәрбиешінің айтқандарын мұқият тыңдайды.
Жетекші - жөндеуші	Қорытынды: Қорытындылау: Балалар сендерге саяхат ұнады ма? Сендер саяхатқа қайда бардыңдар? Біздер кімге көмектестік? Өте жақсы балалар, енді қол ұстасып, бір-біріміздің жүрек жылуымызды сезініп, бүгінгі саяхатымызды аяқтай отырып қонақтар мен қоштасайық Қол ұстасып тұрайық Шенберді біз құрайық, Көріскенше күн жақсы Сау-саламат болайық. Сауболыңыздар	Балалар сұрақтарға жауап береді

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Ойындардың аттарын шарттарын біледі

Қалыптасқан түсініктер: ойнай отырып ойланып жұмыс істеу керек екендігін түсінді.

Орындаушылық қабілеті: Тілдік қорын молайды шығармашылық жұмысты ұқыптап жасауды біліп, сұраққа жауап берді.